

Қостанай қаласының шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 10 наурыз N 373

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 10-бабының 5) тармақшасына, 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қостанай облыстық мәслихаты мен Қостанай облысы әкімінің Қостанай

облысының Қостанай ауданы жерінің 619,0 (алты жүз он тоғыз) гектар алаңын қаланың шегіне енгізе отырып, Қостанай қаласының шекарасын өзгерту туралы бірлескен шешіміне келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.